

**2015 жылдың 12 ақпанында
«АрселорМиттал Теміртау»
Акционерлік қоғамының «Жақтау»
Металлургтер кәсіподақтық ұйымы»
Қоғамдық бірлестігінің конференциясында
өзгертулермен және толықтырулармен бекітілген**

**«АрселорМиттал Теміртау»
Акционерлік қоғамының
«Жақтау» Металлургтер кәсіподағы»
Қоғамдық бірлестігінің**

Ж А Р Ғ Ы С Ы

Теміртау қаласы - 2015 жыл.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ.

1.1 «АрселорМиттал Теміртау» Акционерлік қоғамының «Жақтау» Metallургтер кәсіподағы» Қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Кәсіподақ) – Кәсіподақ мүшелерін, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ қызметкерлерін, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ құрылтайшысы және қатысушысы болып табылатын еншілес және бірлескен кәсіпорындардың қызметкерлерін, жалпы еңбек, өндірістік-кәсіптік мүдделерімен байланыстыратын басқа да бір-бірімен байланысты кәсіпорындар мен ұйымдарды ерікті түрде біріктіретін жеке мүшелігі бар дербес коммерциялық емес ұйым .

1.2 Кәсіподақ:

- өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» заңын, Қазақстан Республикасымен бекітілген ХЕҰ конвенцияларын, Салалық Кәсіподақтың Жарғысын, осы Жарғыны және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады;

- «АрселорМиттал Теміртау» АҚ қызметкерлерінің, еншілес және бірлескен кәсіпорындардың қызметкерлерінің, басқа да бір-бірімен байланысты ұйымдардың қызметкерлерінің – «Жақтау» Metallургтер Кәсіподағы» ҚБ мүшелерінің өкілетті өкілі, жергілікті Кәсіподақ болып табылады;

- мүшелік ұйым ретінде Салалық Кәсіподақтың құрамына кіреді;

- мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға болып табылады, өзінің меншігінде оқшауландырылған мүлкі және ақшалай қаражаты, банктерде шоттары, белгіленген үлгідегі мөрі, мөртаңбалары және бланктері, конференцияда бекітілетін рәміздері мен атрибутикасы болады;

- өз қызметінде мемлекеттік билік органдарынан, саяси партиялардан, басқа қоғамдық бірлестіктерден, жұмыс берушілерден және олардың бірлестіктерінен тәуелсіз, оларға есеп бермейді және бақылауына жатпайды, өзінің қызметіне араласуға жол бермейді, олармен тең құқылы дәрежеде қызмет етеді;

- өзінің негізгі мақсаты пайда табу емес болып табылады және құрылтайшылары мен қатысушылары арасында табысты бөлмейді.

1.3 Кәсіподақ – шарттар мен келісімдер негізінде басқа кәсіподақтармен, қоғамдық бірлестіктермен және қозғалыстармен қызмет істейді, халықаралық кәсіподақтық және басқа да қоғамдық бірлестіктерге кіре алады. Кәсіподақтың олармен қарым-қатынасы тең құқылы серіктестік негізінде құрылады.

1.4 Кәсіподақ өз міндеттемелері бойынша өзіне тән мүлікпен жауап береді.

1.5 Кәсіподақ өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтарға ие бола алады және жүзеге асыра алады, сондай-ақ сотқа талапкер және жауапкер ретінде қатыса алады.

1.6 Кәсіподақ меншігі біртұтас болып табылады. Кәсіподақ жеке меншік құқығымен Кәсіподақ мүшелерінің мүдделері үшін, оған тиісті мүлікке иелік етеді, пайдаланады және басқарады.

2. КӘСІПОДАҚТЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ МЕКЕН-ЖАЙЫ.

2.1. Кәсіподақтың толық ресми атауы:

- мемлекеттік тілде:

«АрселорМиттал Теміртау» Акционерлік қоғамының «Жақтау» Metallургтер кәсіподағы» Қоғамдық бірлестігі.

- орыс тілінде: Общественное объединение «Профсоюз Metallургов «Жақтау» Акционерного общества «АрселорМиттал Темиртау».

2.2. Кәсіподақтың қысқартылған ресми атауы:

- мемлекеттік тілде:

«АМТ» АҚ «Жақтау» Metallургтер кәсіподағы» ҚБ.

- орыс тілінде: ОО «Профсоюз Metallургов «Жақтау» АО «АМТ».

2.3 Кәсіподақтың мекен-жайы:

101403, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Қарағанды шоссесі көшесі, 5.

3. КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МЕРЗІМІ.

3.1. Кәсіподақтың қызметі шектеусіз.

4. КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ.

4.1. Кәсіподақ экономикалық, әлеуметтік, еңбек, мәдени құқықтарын және бостандықтарын жүзеге асыру және қорғау, кәсіптік мүдделерді қанағаттандыру, кәсіподақ мүшелерінің өмірі мен денсаулығын қорғау, қайырымдылық қызметіне қатысу, мәдени-ағартушылық, спорттық-сауықтыру жұмыстарын жүргізу, халықаралық ынтымақтастықты, кәсіподақтық тілектестікті кеңейту және нығайту мақсатында құрылған.

4.2. Сайланбалы органдар ретінде Кәсіподақ қызметінің мәні төмендегідей:

- еңбек, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, экология, зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнаманы сақтауға, ұжымдық шартты орындауға қоғамдық бақылау жасау;
- еңбек жағдайларын және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту;
- Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін билік және басқарма органдарында, жұмыс берушінің алдында, сот және басқа да органдарда қорғау және өкілдік ету, өз мүшелерінің бұзылған құқықтары мен мүдделерін қорғауға арыздармен соттарға жүгіну, олардың мүдделерін қорғау үшін сотта, басқа да органдарда сөз сөйлеу, басқадай құқықтық көмек көрсету;
- мемлекеттік органдардың және жұмыс берушілердің өкілдерімен келіссөздер жүргізу, Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты келісімдерді, ұжымдық шарттарды және басқа актілерді жасау;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, жеке және ұжымдық еңбек дауларының қарастырылуына және шешілуіне қатысу;
- жұмыспен қамтылу сұрақтарын шешуге қатысу, еңбекақы туралы келіссөздерді қарастыру және жүргізу, қосымша жеңілдіктерді және кепілдіктерді, жәрдемақыларды ұсынуға қатысу, еңбек жағдайларын жақсарту;
- Кәсіподақ мүшелеріне медициналық қамсыздандыруды, шипажайлық-курорттық емделу мен демалысты ұйымдастыруға көмектесу;
- Кәсіподақ мүшелеріне ұйымдастырушылық, әдістемелік, кеңес берушілік, құқықтық және материалдық көмек көрсету;
- заңмен белгіленген тәртіпте билік органдарының сайлауларына өзінің өкілдерін ұсыну;
- заңға сәйкес жиналыстарды, митингілерді, пикеттерді, көше шерулерін, көрсетілімдерді және ереуілдерді ұйымдастыру және өткізу;
- ақпараттық және баспа қызметімен айналысу;
- өндірістік, шаруашылық, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру, сақтандыру қорларын, осы Жарлықта қарастырылған міндеттерді орындау үшін ынтымақтастық қорларын құру;
- басқа Кәсіподақтармен қызмет істеу, халықаралық кәсіподақтық ұйымдарға кіру, олармен шарттар мен келісімдерге отыру;
- Кәсіподақ мүшелері ұсынған басқа да міндеттерді жүзеге асыру.

5. КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ.

5.1. Кәсіподақ қызметі төмендегідей қағидаттарға құрылған:

- шешімдерді қабылдаған кезде Кәсіподақтың бірлігі, Жарғының басымдылығы;
- Кәсіподаққа өз еркімен кіруі және одан шығуы;
- барлық кәсіподақ органдарының төменнен жоғарыға қарай сайлануы;
- сайланбалы органдарының жұмыстарының алқалылығы, қабылданған шешімдердің орындалуына жеке жауапкершілігі;
- шешімдерді қабылдағаннан кейін, мәселелерді және іс-әрекеттің бірлігін талқылау барысында пікірлерінің алуандылығы, пікірсайыстарының еркіндігі;
- Кәсіподақ мүшелік ұйымы болып табылатын, әлеуметтік серіктестік органдары және кәсіподақ қабылдайтын шешімдерді орындау міндеттілігі;
- Кәсіподақтың төменгі құрылымдық ұйымдарының алқалық шешімдерін орындау міндеттілігі;
 - басқа да Кәсіподақтармен өзара ынтымақтастығы;
 - басқарушы органдардың сайлануы және Кәсіподақ мүшелерінің алдында есеп беруге міндеттілігі;
 - Кәсіподақтың және оның сайланбалы органдарының қызметінің жариялылығы;
 - Кәсіподақтың барлық ұйымдарының және оның мүшелерінің тең құқылылығы.

6. КӘСІПОДАҚҚА МҮШЕЛІК, ОНЫҢ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.

6.1. Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұратын шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ қызметкерлері, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ құрылтайшысы және қатысушысы болып табылатын еншілес және бірлескен кәсіпорындарда, жалпы еңбек, өндірістік-кәсіптік мүдделерімен байланысты өндірістік және өндірістік емес қызмет саласындағы, Кәсіподақтың Жарғысын мақұлдайтын, Кәсіподақ жұмысына қатысатын және кәсіподақтық жарналарды үнемі төлейтін басқа ұйымдарда жұмыс істейтіндер Кәсіподақтың мүшесі бола алады.

6.2. Кәсіподаққа мүше болу ерікті болып табылады. Кәсіподақ мүшесіне қабылдау – Кәсіподаққа кірушінің жазбаша арызы бойынша Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің кәсіподақ комитетінің шешімімен жекеше түрде жүзеге асырылады.

Кәсіподақ мүшелілігі Кәсіподақ мүшелеріне қабылдау туралы шешімі қабылданған сәттен бастап есептеледі.

Кәсіподақ мүшесіне, оның Кәсіподаққа жататындығын растайтын белгіленген үлгідегі кәсіпшілер одағы билеті беріледі.

6.3. Кәсіподақ мүшелері басқа кәсіподақтың құрамында бола алмайды.

6.4. Кәсіподақ мүшелері, өзінің негізгі жұмыс орны бойынша Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшесінің кәсіподақ ұйымында есепте тұрады. Кәсіподақ мүшелерінің есебі белгіленген үлгідегі есеп карточкаларымен жүзеге асырылады. Кәсіподақ мүшесінің есеп карточкасы Кәсіподақ мүшелерінің есебінің негізгі құжаты болып табылады.

6.5. Кәсіподақ мүшелерінің Кәсіподақтағы мүшелік құқығы мен өтілі сақталады:

- еңбек қызметін жалғастыруға кедергі келтіретін мүгедектік немесе денсаулық жағдайына байланысты жұмысын тоқтатқанда;
- жасы жетіп зейнеткерлікке шығуына байланысты жұмысын тоқтатқанда;
- жүктілікке және босануға байланысты демалыс, сонымен қатар баланы 3 жасқа дейін күтуге берілген демалыс кезінде;
- әскерге шақырту кезінде және шұғыл әскери қызметке шақырған кезде;
- босатылған күнінен бастап отыз күнгізбелік күн ішінде штаттардың қысқаруына, кәсіпорынның, мекеменің жабылуына байланысты жұмысынан уақытша айрылғанда.

6.6. Кәсіподақ мүшесі төмендегідей құқықтарға ие:

- Кәсіподақ және оның сайланбалы органдары жағынан мемлекеттік билік және басқарма органдарында, жұмыс берушілердің, олардың бірлестіктерінің алдында, сот органдарында өзінің заңды еңбек, кәсіби, әлеуметтік-экономикалық және басқа да бұзылған құқықтары мен мүдделерін қорғауға;
- еңбек және басқа да дауларды шешу барысында Кәсіподақ тарапынан тегін заңды көмекке;
- Кәсіподаққа кеңес алу үшін, ұсыныстарымен және арыздарымен жүгінуге, мәні бойынша жауап алуға;
- Кәсіподақтың, сайланбалы органдарының қызметіне, шешімдерді жасауға және оларды орындауға қатысуға, сайланбалы органдардың және тұтастай кәсіподақтың жұмысына баға беруге, олардың жұмыстары туралы толық ақпарат алуға;
- конференцияға, жиналысқа, съезіне, кәсіподақтың сайланбалы органдарына делегаттарды таңдауға, кандидаттарды ұсынуға;
- кәсіподақ бюджетінен материалдық көмек алуға, ұжымдық шартымен, келісімдермен қарастырылған қосымша жеңілдіктерді және өтемақыларды пайдалануға;
- Кәсіподақта белсенді жұмыс істегені үшін марапат алуға.

6.7. Кәсіподақ мүшесі міндеттенеді:

- Кәсіподақ Жарғысын сақтауға және орындауға;
- осы Жарғыда белгіленген тәртіппен және көлеммен ай сайын мүшелік жарналарды төлеуге;
- Кәсіподақ ұйымдарының қызметіне қатысу;
- кәсіподақ органдарының шешімдерін және оған жүктелген кәсіподақтық міндеттерді және тапсырмаларды орындауға;
- өзінің жеке қатысуымен Кәсіподақтың әрекетін қолдауға;
- Кәсіподақтың ұйымдастырушылық бірлігі мен тұтастығын сақтап қалуға;
- Кәсіподақтың жікке бөлінуіне, кәсіподақтың қозғалысына зиян келтіретін оның өткізіп жатқан саясатын және беделін түсіруге бағытталған әрекеттерге кедергі жасауға;
- Кәсіподақ пен жұмыс беруші арасында жасалынған еңбек және ұжымдық шарттарымен, басқа да келісімдерімен қарастырылған міндеттемелерін орындауға.

6.8. Кәсіподақ мүшесі кәсіподақтың сайланбалы органының шешімі бойынша шыққан болып есептелінеді, егер:

- кәсіподақтық мүшелік жарналарын дәлелді себебі болмай, күнтізбелік 3 айдан астам төлемесе;
- басқа кәсіподаққа кірсе;
- кәсіподақтық есептен шығарылмай, жұмыстан босатылса;
- Кәсіподақтан шығу жөнінде арыз берсе;
- белгіленген тәртіпте хабарсыз кеткен, қайтыс болған немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылса;
- шынайы бас бостандығынан айрылып сотталса.

6.9. Кәсіподақ мүшесі Кәсіподақтан төмендегі жағдайларда шығарылуы мүмкін:

- Кәсіподақ Жарғысын орындамағаны үшін;
- Кәсіподақты қаралайтын мәліметтерді таратса;
- Кәсіподақтың жікке бөлінуіне бағытталған әрекеттерді жасаса.

6.10. Кәсіподақтан шығару жөніндегі шешімді Кәсіподақ мүшесінің қатысуымен Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшесінің тиісті кәсіподақтық сайланбалы органы қабылдайды.

Егер Кәсіподақ мүшесі кәсіподақтың сайланбалы органының отырысына қатысудан бас тартса немесе хабарландырудан кейін ол дәлелді себепсіз отырысқа келмесе, мәселе шешіле береді.

Негізгі Жарғының 6.8. тармағының 6 бөлімінде көрсетілген негіздері бойынша Кәсіподақтағы мүшелік туралы мәселе Кәсіподақ мүшесінің қатысуынсыз және сот шешімінің негізінде шешіледі.

6.11. Кәсіподақ мүшелерінен шығарылған Кәсіподақтың жоғары тұрған сайланбалы органында бір айлық мерзім ішінде шығару туралы шешімге шағым беруге құқығы бар, ол арызды келіп түскен сәтінен бастап бір ай көлемінде қарауға және мәні бойынша шешім шығаруға міндеттенеді.

6.12. Кәсіподақтан шығып кеткен немесе шығарылған тұлға, жалпы негізде Кәсіподаққа қайтадан қабылдануы мүмкін, бірақ шығарылып немесе шығып кеткеннен кейін 6 (алты) айдан ерте емес.

6.13. Кәсіподақтан шығып кеткен немесе шығарылған тұлға Кәсіподақтың заңды көмегінен, Кәсіподақтың мүлкін және қаражатын пайдалану құқығынан айрылады. Оған кәсіподақтық жарналарды төленген сомасы қайтарылмайды.

6.14. Кәсіподақ мүшесі Кәсіподақтың материалдық міндеттемелері бойынша, сондай-ақ Кәсіподақ өзінің мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

7. КӘСІПОДАҚТЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ.

7.1. Кәсіподақтың ұйымдастырушылық құрылымы біртұтас болып табылады және төмендегілерден тұрады:

- цехтардың, өндірістердің, басқармалардың алғашқы кәсіподақ ұйымдарынан тұратын «АрселорМиттал Теміртау» АҚ кәсіподақтық ұйымы;
- «АрселорМиттал Теміртау» АҚ құрылтайшысы және қатысушысы болып табылатын еншілес және бірлескен кәсіпорындарының алғашқы кәсіподақ ұйымдары;
- жалпы еңбек, өндірістік-кәсіптік мүдделерімен байланыстыратын басқа да бір-бірімен байланысты кәсіпорындардың, мекемелердің алғашқы кәсіподақ ұйымдары.

Аталмыш кәсіподақтық ұйымдар ұйымдық құрылымның негізін құрайды және Кәсіподақтың құрылымына кіреді.

Жыл сайын Кәсіподақ және оның құрылымдық бөлімшелері жиналыста (конференцияда) Кәсіподақ мүшелерінің алдында өзінің қызметі, ақшалай қаражаттың келіп түсуі мен жұмсалуды туралы есеп береді.

7.2. Алғашқы кәсіподақ ұйымдары.

Алғашқы кәсіподақ ұйымдары ұйымдарда құрылады, кем дегенде үш адамнан тұрады, заңды тұлға ретінде емес Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелері болып табылады, Кәсіподақ мүлігінен бөлек мүлігі болмайды, банктерде шоттары, мөрі болмайды.

7.4. Кәсіподақтың құрамына алғашқы кәсіподақ ұйымын қабылдау Кәсіподақтың сайланбалы органымен алғашқы кәсіподақ ұйымының жазбаша өтініш беруі арқылы жүргізіледі.

7.5. Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің алғашқы кәсіподақ ұйымдары өздерінің қызметін Кәсіподақ конференциясында бекітілген Алғашқы кәсіподақ ұйымдары туралы ереже негізінде жүзеге асырады.

7.6. Кәсіподақтық жиналыс – Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің алғашқы кәсіподақ ұйымдарының жоғары органы болып табылады, ал саны 200 мүшеден астам болса, кәсіподақтық конференция болып саналады.

Кәсіподақтық жиналысы, егер алғашқы кәсіподақ ұйымының мүшелерінің жартысынан көбі оның жұмысына қатысса, заңды болады.

Кәсіподақтық жиналыстың шешімдері қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.
7.7. Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшесінің алғашқы кәсіподақ ұйымының ағымдағы қызметін кәсіподақтық комитет (кәсіподақ комитеті, цех комитеті), жиналыста (конференцияда) сайланатын төрағасы басқарады.

7.8. Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің алғашқы кәсіподақ ұйымдары – кәсіподақтық есептік тіркеуге жатады, оларды жүргізу Кәсіподақтың кәсіподақ комитетінің төрағасына жүктеледі.

8. КӘСПОДАҚТЫ БАСҚАРУ.

8.1. Конференция.

Кәсіподақ комитетінің шешімі бойынша кәсіподақтың жоғарғы органы болып 5 (бес) жылда бір реттен кем емес шақырылатын конференция болып табылады.

Конференцияға делегаттарды сайлау тәртібі мен өкілдік нормасын Кәсіподақтың кәсіподақ комитеті белгілейді. Сайланған делегаттардың өкілеттілігі – 5 жыл.

8.2. Конференцияға шақыру мен болжалды күн тәртібі жөніндегі хабарландыру бір ай бұрын жарияланады.

8.3. Кезектен тыс конференция Кәсіподақтың кем дегенде 1/3 мүшелерінің талап етуімен немесе Кәсіподақтың кәсіподақ комитетінің шешімімен шақырылады.

8.4. Конференция, оның жұмысына сайланған делегаттардың кем дегенде 2/3 қатысса, заңды болады.

8.5. Конференцияның заңды болуы жөніндегі ұсынысты конференцияда сайланатын мандат комиссиясы енгізеді.

8.6. Дауыс беру тәртібін (ашық, жасырын) конференция делегаттары анықтайды. Кәсіподақты тарату және оның қызметін тоқтату жөніндегі мәселелерден басқа барлық шешімдер қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

8.7. Конференцияның айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- Кәсіподақтың қызметін тоқтату, тарату және қайта құру туралы;
- Кәсіподақ Жарғысын бекіту және оған толықтырулар мен өзгерістер енгізу;
- Алғашқы кәсіподақ ұйымдары туралы Үлгілік ережені бекіту;
- Кәсіподақтың басқару органдарын, Кәсіподақтың төрағасын, тексеру комиссиясын сайлау;

- Кәсіподақтың сайланбалы басқару органдарының қызметін тыңдау, талқылау және баға беру;

- Кәсіподақтың қаржы қызметі туралы тексеру комиссиясының есебін тыңдау және олардың қорытындыларын бекіту.

8.8. Конференция, өз құзырына сәйкес Кәсіподақ қызметіне қатысты кез-келген сұрақтарды шешуге құқығы бар.

8.9. Кәсіподақ комитеті.

Кәсіподақтың ағымдағы қызметін кәсіподақтық конференциямен сайланған Кәсіподақтың кәсіподақ комитеті, оның төрағасы басқарады.

8.10. Кәсіподақтың кәсіподақ комитеті, конференциялар арасындағы кезеңде, Кәсіподақтың алқалық атқарушы органы болып келеді және 5 жылға сайланады. Кәсіподақ комитетінің отырыстары қажет болған жағдайда өткізіледі және кәсіподақ комитетінің кем дегенде 2/3 мүшесі қатысқан жағдайда ғана заңды болып саналады. Шешімдер, кәсіподақ комитетінің отырысына қатысушы кәсіподақ комитетінің мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен қабылданады.

8.11. Кәсіподақ комитеті:

- Кәсіподақтың алдында тұрған мақсаттар мен мәселелерді ескере отырып өз жұмысын ұйымдастырады, Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің кәсіпорын комитеттерінің (цех комитеттерінің) қызметін бағыттайды, оларға тәжірибелік көмек көрсетеді, олардың және Кәсіподақ мүшелерінің мүдделеріне тиісті мемлекеттік, сот және басқа да органдарда, жұмыс берушінің алдында өкілдік етеді;

- Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің кәсіподақ комитетінің заңды талаптарын қолдайды, олардың орындалуына қол жеткізеді, заңға сәйкес жиналыстарды, митингілерді, пикеттерді, көше шерулерін, көрсетілімдерді, ереуілдерді, БАҚ сөз сөйлеулерді ұйымдастырады және өткізеді, Кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының заңымен қарастырылған басқа да мүмкіндіктерді пайдаланады;

- Кәсіподақ мүшелеріне, кәсіподақ комитетіне әдістемелік және құқықтық көмек көрсетеді;

- Кәсіподақ төрағасының ұсынысымен, лауазымы бойынша кәсіподақ комитетінің құрамына кіретін оның орынбасарларының лауазымын сайлайды және босатады;

- Кәсіподақтың және оның құрылымдық бөлімшелерінің бюджет сметасын бекітеді, оларға толықтырулар мен өзгерістерді енгізеді;

- Кәсіподақтың өкілін жоғары тұрған кәсіподақ органдарына делегат ретінде жіберу туралы шешімдерді қабылдайды, кәсіподақ съездеріне делегаттарды сайлайды;

- Кәсіподақ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар жасайды, Кәсіподақ құратын қорлар туралы ережелерді бекітеді;

- басқа кәсіподақтармен, ұйымдармен шарттарға және келісімдерге отыру мәселелерін қарастырады;

- Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің кәсіподақ ұйымдарының кәсіподақтық қызмет көрсетуге қою мен алу туралы шешімдерді қабылдайды;

- Кәсіподақ қызметіне қатысты қаулыларды қабылдайды;

- төралқа мүшелерін сайлайды;

- Кәсіподақ конференциясы табыстаған басқа да міндеттерді атқарады.

8.12. Төралқа :

- Кәсіподақтың кәсіподақ комитетінің отырыстары арасында шешім қабылдау құқығына ие алқалы атқарушы орган болып табылады;

- Кәсіподақ Жарғысының, кәсіподақ комитетінің жиналыстарының (конференциялардың) шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

- кәсіподақ органдарының есеп беруін және сайлауын, істердің номенклатурасын жүргізу жөніндегі нұсқаулықтарды дайындайды;

- ұжымдық шарттар, келісімдер бойынша ұсыныстарды дайындайды;

- Кәсіподақ құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының жарғылық талаптарды және кәсіподақ комитетінің шешімдерін орындауы туралы есептерін тыңдайды;

- Кәсіподақта резервті қалыптастыру, кәсіподақ кадрларын оқыту мәселелерін қарастырады;

- комиссия құрады, олардың өкілеттігін анықтайды және бөліп береді;

- Кәсіподақтың кәсіподақ комитеті табыстаған басқа да міндеттерді атқарады.

Төралқа мүшелері кәсіподақ комитетінің отырысында сайланады. Олар Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары немесе олардың орынбасарлары болуы мүмкін. Төралқа құрамына лауазымы бойынша Кәсіподақ төрағасы және оның орынбасары кіреді.

Кәсіподақтың төралқа өкілеттілігінің мерзімі – 5 (бес) жыл.

8.13. Кәсіподақтың төрағасы:

- конференцияның, төралқа және кәсіподақ комитетінің шешімдерінің, жарғылық міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді;
- Кәсіподақ конференциясына есеп береді;
- кәсіподақ комитеті, төралқа және тұтастай Кәсіподақ жұмысына басшылық етеді;
- Кәсіподақты мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде және басқа да ұйымдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында, халықаралық ұйымдарда, жұмыс берушілердің және оның бірлестіктерінің алдында өкілеттік етеді;
- қажет болған жағдайда өтініштерді жазады, Кәсіподақ атынан үндеулер мен колдау хаттарды жолдайды;
- кәсіподақ бірлестіктерімен, ұйымдармен, жұмыс берушілермен, басқа да органдармен қарым-қатынастары жөніндегі келісімдерге, шарттарға отырады;
- кәсіподақ комитеті айқындаған өкілеттілік шеңберінде Кәсіподақтың мүлкін және ақшалай қаражатын басқарады. Ақша құжаттарында алғашқы қол қою құқығын пайдаланады;
- Кәсіподақтың меншігі мен ақшалай қаражатының жұмсалыуына бақылауды қамтамасыз етеді және жауапкершілігін көтереді;
- Кәсіподақ төрағасының орынбасарларын сайлау және қызметінен босату жөнінде кәсіподақ комитетіне ұсыныстарды жасайды;
- кадрлық саясатты жүзеге асырады;
- Кәсіподақ аппаратына жетекшілік етеді, штаттағы қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады, моральдық және материалдық көтермелеу жөніндегі шешімдерді қабылдайды;
- Кәсіподақ аппаратының штаттағы қызметкерлер санын, штаттық кестесін бекітеді;
- Кәсіподақтың атынан сенімхаттарды береді, өкімдерді шығарады;
- оған кәсіподақ комитеті және конференция табыстаған басқа да міндеттерді атқарады.

8.14. Кәсіподақ төрағасы лауазымы бойынша конференция делегаты, кәсіподақ комитетінің және төралқаның мүшесі болып келеді, олардың отырыстарын жүргізеді.

8.15. Кәсіподақ төрағасының орынбасарлары лауазымы бойынша конференция делегаттары, кәсіподақ комитетінің және төралқаның құрамына кіреді, өзінің қызметін лауазымдық нұсқаулыққа және міндеттерін бөлуге сәйкес орындайды.

8.16. Кәсіподақ төрағасы болмаған жағдайда, оның өкілеттігін, төрағаның өкімімен төрағаның орынбасары орындайды.

8.17. Тексеру комиссиясы.

Кәсіподақтың тексеру комиссиясы Кәсіподақтың қаржы және шаруашылық қызметтерін, мүшелік жарналардың және басқа да ақшалай түсімдердің есептелуін және түсуін, ақшалай қаражаттың жұмсалыуының дұрыстығын, Кәсіподақ мүлігінің пайдалануын қадағалайтын бақылау-тексеру органы болып табылады.

Кәсіподақтың тексеру комиссиясы конференцияда сайланады, өз қызметінде, конференциямен бекітілген Тексеру комиссиясы жөніндегі ережені басшылыққа алады.

Тексеру комиссиясының төрағасы лауазымы бойынша конференция делегаты болып келеді, кеңесші дауыс құқығымен кәсіподақ комитетінің жұмысына қатыса алады.

9. КӘСІПОДАҚТАҒЫ САЙЛАУ ЖӘНЕ КӘСІПОДАҚ ОРГАНДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

9.1. Кәсіподақтағы сайлау төменнен жоғары қарай өткізіледі, басқару органдарын сайлау олардың өкілеттік мерзімі аяқталған соң өткізіледі. Өкілеттік мерзімдері:

◆ Кәсіподақ топ ұйымдастырушыларының, Кәсіподақ ұйымдастырушыларының, Кәсіподақ құрылымдық бөлімшелерінің кәсіподақ комитеттерінің төрағаларының – 5 (бес) жыл;

◆ Кәсіподақ төрағасының, төраға орынбасарларының, тексеру комиссиясының – 5 (бес) жыл;

9.2. Кәсіподақтағы есеп беру-сайлау шарасын өткізу жөніндегі шешімді Кәсіподақтың кәсіподақ комитеті қабылдайды.

9.3. Кәсіподақ Конференциясына делегаттар сайлау тәртібі, өкілдік нормасы, оның өтетін уақыты мен өтетін жері туралы шешімді тиісті Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің кәсіподақ комитеттері, ал Кәсіподақ конференциясына - Кәсіподақтың кәсіподақ комитеті қабылдайды.

Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің Кәсіподақ комитетінің төрағалары, олардың орынбасарлары тиісті ұйымдардың Конференцияларында, ал Кәсіподақтың төрағасы және оның орынбасары (орынбасарлары) - Кәсіподақтың конференциясында делегаттар болып саналады.

9.4. Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің кәсіподақ комитеттері, Кәсіподақтың кәсіподақ комитеті сайлау немесе тікелей делегат жіберу қағидаты бойынша қалыптасады, сонымен қатар конференция делегаттарын нақты квота бойынша сайлаумен бір мезгілде кәсіподақ комитетінің, тиісті комитеттің мүшелері сайланады. Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің Кәсіподақ ұйымдары өз өкілдерін қайтарып алуға немесе ауыстыруға құқықтары бар.

9.5. Кәсіподақ төрағасы мен Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің төрағалары жиналыста (конференцияда) сайланады.

Кәсіподақ төрағасы лауазымына сайлау үшін Кәсіподақ мүшелерінің санынан 5 жылдан кем емес кәсіподақта жұмыс өтілімі бар, кәсіподақ ұйымының жұмыстары бойынша дайындықтан өткен Қазақстан Республикасының азаматы болып келетін кандидатура ұсынылады.

Кандидатуралар жиналыста (конференцияда) оның делегаттарымен немесе жиналысты (конференцияны) дайындау және өткізу бойынша комиссияларымен, немесе өз-өзін ұсыну жолымен ұсынылады.

Кәсіподақ төрағасы мен құрылымдық бөлімшесінің төрағасы лауазымына сайланған болып, сайлауға қатысып, 50 (елу) пайыздан көп делегаттар дауысын жинаған кандидат саналады.

9.6. Жиналыста, конференцияда сайланған, Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің кәсіподақ ұйымдарының жетекшілері, лауазым бойынша тиісті ұйымның кәсіподақ органының мүшелері болып саналады.

9.7. Қажет болған жағдайда кәсіподақ органдарына қосымша сайлау, мерзімнен бұрын сайлау немесе тікелей делегат жіберу мүмкін:

◆ Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің кәсіподақ ұйымдарында - кәсіподақ комитеттерінің отырыстарында;

◆ Кәсіподақта - Кәсіподақтың кәсіподақ комитетінің отырысында.

9.8. Кез келген кәсіподақ органының, оның басшысының мерзімінен бұрын сайлануы, тиісті деңгейдегі ұйым мүшелерінің кем дегенде 1/3 талабы бойынша немесе жоғары тұрған сайланбалы органның талабымен, арнайы шақырылған жиналыста, конференцияда өтуі мүмкін.

9.9. Кәсіподақтың сайланбалы органдарының мүшелері, сайланбалы органның жұмысына әрдайым қатыспаған жағдайда немесе онымен байланысын үзген кезде, тиісті органның отырысында қатысқандардың ашық дауыс беруімен дауыс көпшілігімен (жартысынан көбі) осы органның құрамынан шығарылады.

9.10. Сайлау органының отырысы, егер оған Кәсіподақ комитеті мүшелерінің жартысынан көбі қатысқанда жағдайда заңды болады.

10. КӘСІПОДАҚТЫҢ МЕНШІГІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.

10.1. Кәсіподақ шаруашылық, баспагерлік және басқа да қызметтерінен түскен пайдалардан, демеушілік көмектен, сондай-ақ мүшелік жарна және тегін құқықтық мирасқорлық ретімен алынған мүліктің иесі болып келеді.

Кез келген қызмет түрінен түскен табыс Кәсіподақтың жарғылық мақсаттарына жұмсалады.

10.2. Кәсіподақ меншігінде ғимараттар, құрылыс, мәдени-ағарту мен сауықтыруға арналған мүлік, ақшалай қаражаттар, акциялар және басқа да құнды қағаздар, жарғылық қызметті материалдық қамсыздандырудың басқа да мүліктері болуы мүмкін.

10.3. Кәсіподақтың ақшалай қаражаты Кәсіподақ мүшелерінің мүшелік жарналарынан, ерікті жарналардан, мәдени-ағарту, спорт, дене шынықтыру мен басқа да шараларынан, шаруашылық жүргізуші субъекттердің аударымдарынан, демеушілік көмектен, тегін берілген басқа да қаражаттардан, өндіріс, шаруашылық және басқа заңмен тыйым салынбаған әрекеттерден қалыптасады.

10.4. Ай сайынғы мүшелік жарналар аударылған айлық табыстың бір пайызы көлемінде белгіленеді.

Жұмыс істемейтін зейнеткерлерге ерікті жарналардың көлемі мен төлемі өз еркімен анықталады және жүргізіледі.

Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ азаматтарға кәсіподақтық мүшелік жарналардың көлемі мен төлемі Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең дәрежеде жүргізіледі.

Мүшелік жарналар қолма-қол ақшамен төленеді немесе Кәсіподақ мүшесінің арызы бойынша жалақысынан шегеріледі.

Нақты аудару тәртібі ұжымдық шартпен немесе әкімшілік және Кәсіподақ арасындағы шартпен белгіленуі мүмкін.

10.5. Кәсіподақ салалық Кәсіподаққа ай сайын салалық Кәсіподақтың Жарғысымен белгіленген көлемде ақшалай қаражат аударымдарын жүргізеді.

10.6. Кәсіподақ оған тиесілі жеке меншігіндегі мүлікті иеленеді, пайдаланады және басқарады.

11. КӘСІПОДАҚТЫҢ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ.

11.1. Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар Кәсіподақтың конференциясында енгізіледі.

11.2. Кәсіподақ Жарғысын ҚР заңнамасына сәйкес келтіру мәселесі бойынша конференциялар арасында, Кәсіподақтың кәсіподақ комитеті Жарғыға өзгертулер мен толықтыруларды енгізе алады, тиісінше ол Кәсіподақ конференциясында бекітіледі.

11.3. Өзгертулер мен толықтырулар, егер олар үшін конференция делегаттарының, Кәсіподақтың кәсіподақ комитетінің кворумы болған жағдайда, олардың кем дегенде 2/3 дауыс берсе, қабылданды деп есептелінеді.

12. КӘСІПОДАҚТЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ, ҚАЛҒАН МҮЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ.

12.1. Кәсіподақты қайта құру және тарату туралы шешім кәсіподақ конференциясында қабылданады.

Шешім, егер оған дауыс беруге қатысқан делегаттардың кворумы болған жағдайда, олардың кем дегенде 2/3 дауыс берсе, қабылданды деп есептелінеді.

12.2.Кәсіподақты тарату жөніндегі мәселе Кәсіподақ мүшелерінің кем дегенде 2/3 болып табылатын, Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің кәсіподақтық ұйымдарының кем дегенде жартысының талабы бойынша конференцияда қарастырылуға енгізіледі.

12.3.Кәсіподақты тарату туралы шешімді қабылдаған кезде, конференция тарату комиссиясын тағайындайды.

Барлық есептесу мен басқа міндетті төлемдерді жүзеге асырған соң, Кәсіподақтың қалған мүлкі жарғылық мақсаттарға бағытталады.

13. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ.

13.1.Кәсіподақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте бухгалтерлік есеп және статистикалық есеп-қисапты жүргізеді, өзінің қызметі туралы ақпаратты салық және статистика органдарына тапсырады.

13.2.Кәсіподақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, салықты және басқа да міндетті төлемдерді бюджетке төлейді.

13.3.Осы Жарғымен реттелмеген бөлігінде, Кәсіподақтың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

13.4.Осы Жарғыны түсіндіру құқығы Кәсіподақтың сайланбалы органдарына жатады.

*«АрселорМиттал Теміртау»
Акционерлік қоғамының «Жақтау»
Металлургтер кәсіподағы» ҚБ Жарғысына
№ 1 Қосымша*

«АрселорМиттал Теміртау» Акционерлік қоғамының
«Жақтау» Metallургтер кәсіподағы» Қоғамдық бірлестігінің туының

Сипаттамасы

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ «Жақтау» Metallургтер кәсіподағы» ҚБ туы – ақ тікбұрышты мата болып келеді, оның ортасында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ «Жақтау» Metallургтер кәсіподағы» ҚБ эмблемасы бейнеленген, матаның сол жақ шетінде көк түсті ұлттық ою-өрнек орналасқан. Тудың енінің ұзындығына арақатынасы 1:2.



«АрселорМиттал Теміртау» Акционерлік қоғамының
«Жақтау» Metallургтер кәсіподағы» Қоғамдық бірлестігінің эмблемасының
Сипаттамасы

1. Эмблеманың пішіні дөңгелек, ортасында көк түс аясында қызыл түсті металл балқытпасының төгіліп жатқан ағыны ақ түсті металл шөміштің контуры бейнеленген, қара түсті шахта көтергіш механизм контуры бар тау жыныс пирамидалары, тау жыныс ортасында «1956 ж.» деген жазу бар.

Эмблеманың айналасы бойынша ақ түс аясында қара түсті жазулар жазылған:

- үстіңгі жағында – Қазақстан Республикасының Кәсіподағы

- төменгі жағында – Профсоюзы Республики Казахстан

Эмблеманың ішкі айналасы бойынша көк түс аясында ақ түсті жазулар жазылған:

- үстіңгі жағында – «АМТ» АҚ «Жақтау» Metallургтер кәсіподағы» ҚБ

- төменгі жағында – ОО «Профсоюз Metallургов «Жақтау» АО «АМТ»

Эмблеманың сыртқы контуры көк және сарғыш түсті шеңбер түрінде келтірілген.

2. Эмблеманы кәсіподақ органдарының фирмалық бланктерінде, мүшелік кәсіподақ билеттерінде, марапаттау құжаттарында, баспа басылымдарында міндетті түрде орналастырады.

3. Эмблеманы суреттің бейнеленуінің сақталуымен бір түсті нұсқада әр түрлі материалдардан жасауға рұқсат етіледі.



**Утвержден с изменениями и дополнениями
на конференции
Общественного объединения
«Профсоюзная организация Metallургов
«Жактау» Акционерного общества
«АрселорМиттал Темиртау»
12 февраля 2015 года**

У С Т А В

**Общественного объединения
«Профсоюз Metallургов «Жактау»
Акционерного общества
«АрселорМиттал Темиртау»**

город Темиртау - 2015 год.

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ.

1.1 Общественное объединение «Профсоюз Metallургов «Жактау» Акционерного общества «АрселорМиттал Темиртау» (далее – Профсоюз) – самостоятельная некоммерческая организация с индивидуальным членством, объединяющая на добровольных началах членов Профсоюза, - работников АО «АрселорМиттал Темиртау», работников дочерних и совместных предприятий, учредителем и участником которых является АО «АрселорМиттал Темиртау», других смежных предприятий и организаций, связанных общими трудовыми, производственно-профессиональными интересами.

1.2 Профсоюз:

- руководствуется в своей деятельности Конституцией Республики Казахстан, законом Республики Казахстан «О профессиональных союзах», Конвенциями МОТ, ратифицированными Республикой Казахстан, Уставом Отраслевого Профсоюза, настоящим Уставом и другими нормативно-правовыми актами Республики Казахстан;

